



www.ozen.kz



www.facebook.com/OzenMunaiGaz/



ОЗЕН

№4 (38) СӘУІР, 2019 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖАҢА БАС ДИРЕКТОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұрғмановтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып Есен Өтеев тағайындалды.

Жаңа кадрлық өзгерістер туралы «Өзенмұнайгаз» АҚ мәжіліс залында өткен жиналыста хабарланды. Жиынға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, қала әкімі Әділбек Дауылбаев, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» мұнай-газ секторы жетекшісі Абат Нұрсейітов, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма мүшесі Дәулетжан Хасанов, сондай-ақ компанияның басшылық құрамы мен еңбек ұжымы қатысты.

– Жәнібек Қайырбекұлы үлкен ұжыммен жақсы тіл табысып, өте нәтижелі еңбек етті, көптеген көрсеткіштердің жақсаруына қол жеткізді. Барша еңбек ұжымының атынан Ж.Нұрғмановқа атқарған адал қызметі үшін алғысымды айтамын. Есен Өтеев өндірістің қазанында піскен нағыз тәжірибелі,

майталман маман. Бұл саланы өте жетік біледі. Ол «Өзенмұнайгаз» АҚ стратегиялық жоспарын жасақтап, өнімді жұмыс істейді деген сеніміміз мол, – деді Жақып Марабаев.

Есен Өтеев еңбек жолын 1989-жылы мұнай саласында бастады. 1990-жылы Өзен кенорнында қабат қысымын сақтау операторы, шебер болып жұмыс жасайды. 1992-жылы Қабат қысымын сақтау цехы бастығының орынбасары болады.

№1 МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімінде жетекші инженер, қабат қысымына технологиялық сұйықтық айдау цех бастығы, 2000-жылы ОИТҚ жетекшісі, 2004-жылы №1 МГӨБ ОИТҚ жетекшісі, 2007-жылы №3 МГӨБ бастығы, 2008-жылы МДЖӨҚБ бастығы, 2011-жылы директордың өндіріс жөніндегі орынбасары, 2012-жылы директордың бірінші және өндіріс жөніндегі орынбасары, 2016-жылдан күні бүгінге дейін бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Үйленген, жұбайы екеуі үш бала тәрбиелеуде.



А Н О Н С

3



ТҮБЕКТИ
ТҮЛЕТКЕН
ТҮГЕЛБАЙ

4



ӨЗЕН
КЕНОРНЫНА
55 ЖЫЛ

8



ҚОҚЫСТАН
ҚҰТЫЛЫҢЫЗ...



«Өзенмұнайгаз» АҚ 300 ардагер-мұнайшыларға арнап «Атамекен» мейрамханасында мерекелік дастарқан жайып, 40 қоғам зейнеткерін құрмет демалысына салтанатты түрде шығарып салды. Салтанатты шараға қатысқан бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен кәсіподақ төрағасы Наурыз



Сақтағанов құттықтау сөз сөйлеп, мұнайшылардың ерен еңбегі үшін риясыз алғысын білдірді.

«Жұт жеті ағайынды» демекші, 1994-жылы халықаралық қаржы дағдарысы, теңгеміздің құлдырап құнсызданып кеткені, мұнайдың бір баррелінің тоғыз доллар болып түскені, Өзен кенорнындағы мұнай өндіру деңгейінің төмендеп кеткені – бәрі бір мезгілде қатар келді. Сол кезде Сіздер кәсіптеріңізге деген адалдықтыңызды дәлелдеп, Өзен кенорны сапалы мұнайын өндіру барысында қиыншылықтарды абыроймен еңсеріп, табысты жұмыс жүргіздіңіздер. Сіздерге алғысымыз шексіз. Еткен еңбектің мәні – оның жемісін көру емес пе?! Бедірейген елсіз түзде жұмыс жасау оңай емес. Аман жүріңіздер!» – деді Мақсат Ибағаров.

95 жастағы Мұхамеди ақсақал компания басшылығына алғаусыз алғысын білдіре отырып, «Бақ қарасын, қыдыр дарысын. Отымыздың басы аман болсын. Дәметкен аруақтарға тие берсін. Осы айтқандарым қабыл болсын!» – деп ақ батасын берді.

Қадірлі қонақтарға сый кәде берілді. Құрмет демалысына шығып бара жатқан 40 мұнайшыға бас директордың Алғыс хаты мен 75 мың теңгелік сертификат тапсырылды. Мерекеде «Жас қанат» байқауының бас жүлдегері Аида Байгелова, «Арна», «Керуен» тобы ән шырқады.

АРДАГЕР-МҰНАЙШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы ардагер-мұнайшылар арасында өткен «Бильярд-спорт төресі» атты сайыстың жеңімпаздарын марапаттап, ардагерлерге «Ақсарай» қонақ үйінің мейрамханасында мерекелік дастархан жайды.



Салтанатты шарада сөз алған аппарат жетекшісі Бауыржан Мамбетсапаев «Біз Өзен кенорны мерекелін тойлау шымылдығын ардагер-мұнайшыларға арналған шарамен аштық. Бұл кездейсоқтық емес. Бір данышпан: «өз өмірінен бір кітап жазбайтын пенде жоқ» депті-мыс... Сіздердің арқайсыңыздың өмірлеріңіз бір кітапқа жүк болады. Біз Сіздерден азды қанағат тұту, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты сақтау, ақыл-парасатты материалдық құндылықтардан артық қояды үйренеміз. «Әуре болма сарай іздеп көк тіреген керемет. Бір үзім нан, су болса, одан артық не керек!» – деген өмірлік ұстанымы бар Өздеріңізге қарап, біз ойымызды да, бойымызды да түзейміз» – деді.

Халқымызда ғасырдан-ғасырға, дәуірден дәуірге, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан ғажал дәстүр бар. Ол – тот баспас

алтындай жарқырап, қашанда халқымыздың мерейін асыратын жыраулық өнер. Тойда Жұртшылықпен байланыс департаменті маманы Арғын Бисенов домбырамен жыр тегіп, ақсақалдарды жауһар жырман сусындатты.

«Өткенінді еске алсаң, Өскеніңнің белгісі. Өткенінді ұмытсаң, Өшкеніңнің белгісі» – демекші, мерекеде ұрпақтар арасындағы қызықты диалогтың куәсі болдық. Көп дүниенің астарын ашып, әдібін сөгіп түсіне білетін ардагер-мұнайшылар өздеріне құрмет көрсеткен өзенмұнайгаздық азаматтарға, компания бас директоры Есен Өтеевке шексіз алғыстарын білдіріп, ақ батасын берді.

13-сәуір күні геологтар өздерінің кәсіби мерекесін Кендірлі демалыс аймағында атап өтті. Мерекеге «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев, Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Ермек Қарамұрзаев, компанияның экс-бас геологы Күләш Рақатова, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі Маңғыстау өңірлік инспекциясы жетекшісі Алмагүл Келбет қатысып, геологтарды құттықтап, сөз сөйледі.



ГЕОЛОГТАР МЕРЕКЕСІ

Есен Өтеев геологтардың еңбегіне ерекше тоқталып, мұнайды іздеп табудың майталмандары геологтар екенін атап көрсетті. «Геолог мамандығы білімді, сабырды, жігер мен ізденісті керек етеді. Дендеріңе

саулық, отбастарыңа амандық, жұмыстарыңа табыс тілеймін» – деді бас директор.

Геологтар пайғамбарымыздың «ертеңге дейін өмірің болса, бүгін бір тал ек» – деген өсиетін орындап, қолдарына бел алып, тал екті. Салауатты өмір салтын ұстанатын олар спорттық сайысқа қатысып, мықтыларды анықтады. Шара соңы фото-сессияға ұласып, мерекелік дастарқан жайылды. Бір топ геологтар марапатталып, өнерпаздар әннен шашу шашты.

СЕНБІЛІК ӨТТІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ аппарат басқарма еңбек ұжымы «Тазалық айы» болып саналатын сәуірде күні ұйымшылдықпен сенбілік ұйымдастырды.



Сенбілікке барлық қызметкерлер «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып» белсенді қатысып, өз үлестерін қосты. «Мәдениет тазалықтан басталады» – демекші, өзенмұнайгаздықтар өздерінің екінші үйіне айналған, ғимараттың жан-жағын тазалап, әрлеп, сырлап дегендей... көктеммен бірге жаңарып қалды. «Тамаша, тамаша емес, бірақ та ол, бірауық кетпен, күрек ұстамаса» – деп әнде шырқалғандай, кеңсе қызметкерлері қара жұмыстан ләззат алып, ширап қалды.

КАЙДЗЕН ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ мәжіліс залында «Ысырапсыз өндіріс» жобасының жай-күйі талқыланды. Жиынға бас директор Есен Өтеев бастаған компания басшылық құрамы және қонақ ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор Дәулетжан Хасанов қатысты.

«Алдыңғы жиналыстарда сөз болған «Ысырапсыз өндіріс» жобасы жөніндегі 14 хаттамалық шешімнің қазіргі таңда 10 орындалып, 4 жұмыс барысында. Аталған жобамен айналысып жүрген біздің қызмет мамандары 9 ТҚ (№2МГӨБ) және 27,28 ТҚ (№4МГӨБ) енгізілген кайдзен жобасының тиімділігі жайында басшылыққа есеп берді. Қазіргі таңда №2 МГӨБ-тен 6, ал №4 МГӨБ-тен 28 кайдзен – ұсыныс түсіп, осы ұсыныстар негізінде іс-

шаралар жасақталу үстінде» – дейді тәуекелдерді басқару және сапа қызметінің инженері Қарлығаш Аманшиева. Бүгінде қарапайым жұмысшылар тарапынан



берілетін кайдзен ұсыныстарының нормативті құжаттары әзірленіп, барлық департамент директорларымен келісілу үстінде.



Түгелбай Орынбаев 1960-жылы Форт-Шевченко қаласындағы орта мектепті бітіріп, геолог болуды армандап, 1961-жылы Қазақстанның астанасы Алматы қаласына аттанады. Сол жылы білімге құштар бозбала Қазақ политехникалық институтына түсіп, 1966-жылы мұнай және газ кенорындарының геология және барлау факультетін бітіріп, мұнайшы-геолог мамандығын алып шығады. Еңбек жолын 1966-жылы инженер-геолог, аға инженер-геолог болып Өзен бұрғылау басқармасында бастайды. Арманына жетіп, сүйікті мамандық иесі болған Түгелбай жұмысқа жан-тәнімен беріліп, құлшына кіріседі. Ол жылдары геолог болу оңай емес еді. Маңғыстаудың аптап ыстығы, адамның өңменінен өтетін желі, бет үсітетін аязы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде барынша қиындық тудырып, кедергілер келтірді. Түгелбай сияқты жігерлі жасты бұл қиындықтар жасыта қоймады, қайта ширатып, шынықтыра түсті. 1966-жылы шілденің 10-жұлдызында Өзен кенорнынан өндірілген мұнай көлемі 1 миллионға жетіп, геологтардың мәртебесін көтеріп, жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттырды. Балықшы, сауыншы болып өмір-бақи жұмыс жасаған әкесі Орынбай мен шешесі Күреңнің тәрбиесін көрген Түгелбайдың еңбекқор болмауы мүмкін емес еді. Ол бүгінде есімдері аңызға айналған



қатардағы инженер геологтан бастаған Түгелбай өзінің ерен еңбегінің арқасында лауазым баспалдағымен жоғары көтерілді. 1997-2005-жылдары №2 МГӨБ-те зейнеткерлікке шыққанға дейін бас геолог болып адал жұмыс істеді.

ТҮГЕЛБАЙДЫҢ МАРАПААТТАРЫ

Майталман геологтың мұнай саласына сіңірген зор еңбегі бағаланып, жер қойнауын геологиялық зерттеудегі дербес үлесі үшін «Жер қойнауын барлаудың үздігі», «Өзенмұнай



ТҮБЕКТІ ТҮЛЕТКЕН ТҮГЕЛБАЙ

Ғазиз Әдіразақов, Александр Гузь, Владимир Козмодемьянский, Жолдас Тоғжанов сияқты тыңнан түрең салған мұнайшылармен үзеңгілес болып, жемісті еңбек етті. Өзен кенорны тарихында аттары алтын әріппен жазылған Бұрғылау жұмыстары басқармасында директор болып жұмыс жасаған Нәсіпқали Марабаев, Амангелді Саймағанбетов, Сайлау Жылқыайдаров, Қабдеш Мырзағалиев, Махсот Боранбаевтар Түгелбай Орынбаевтың маман ретінде өсуіне тікелей ықпал етті. Екі жыл Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген Түгелбай 1972-жылы аға топограф, аға геолог болып жұмыс істеді. 1974-жылы қаңтардың 11-жұлдызы күні КОКП Орталық Комитеті, КСРО Министрлер Кеңесі, Кәсіподақтың Бүкілодақтық Орталық Кеңесі және Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті Түгелбай Орынбаевты «1973-жылғы социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен марапаттады. Бұл ордабұзар 31 жастағы Түгелбайдың сол кездегі екпінді еңбегі үшін Одақ деңгейінде көрсетілген үлкен құрмет еді. 1979-жылы мұнай-газ өндіру басқармасына ауысып, ғылыми-зерттеу цехында инженер, 1980-жылы жерасты қабат қысымын бірқалыпты ұстау жөніндегі цехта аға инженер, сол бөлімнің орынбасары, аға геолог қызметтерін атқарды. 1989-жылдан №3-ші мұнай өндірісіне жетекші геолог болып абыройлы еңбек етті. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1992-жылы №3 МГӨБ бас геолог болып істеп, 1996-жылы Өзен мұнай газ-өндіру бірлестігіне геология мен игеру бөлімінің бастығы болып тағайындалды. Еңбек жолын



кенорнына 25 жыл, 40 жыл» ескерткіш белгілерімен марапатталды. Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығының құрметіне және ұзақ жылғы адал еңбегі үшін Құрмет грамотасымен, «ҚазМұнайГаз» Алғыс хатымен, Маңғыстау облысының мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Жаңаөзен қаласының «Құрметті азаматы» атағы берілді, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатына ие болды.

ОТБАСЫ

Әкесі Орынбай Көшбаев 1901-жылы, анасы Күрең Көшбаева 1916-жылы Адай округінде дүниеге келді. Тельман колхозы тарағанға дейін әкесі балықшы, шешесі сауыншы болып жұмыс істеген. Колхоз тарап, Қызыл Өзен совхозы құрылғанда екеуі де малшы болып еңбек жолдарын жалғастырған. Асқар таудай әкесі 1968-жылы, ал аяулы анасы 2003-жылы дүниеден озған.

Түгелбай Орынбаев 40 жылға жуық еңбек жолын артқа қалдырып, зейнеткерлікке шыққанда да бос қарап отыра алмады. «ОТОпром» ЖШС мұнай сервис компаниясына кеңесші-сарапшы геолог қызметіне шақырылды, өмірінің соңғы күніне дейін «ОТОпром» ЖШС Ақтау бөлімшесінде бас геолог қызметін атқарды. Ол өз мамандығын жақсы көрді. Бүкіл саналы ғұмырын еңбекпен өткізген ардақты азамат 2010-жылы қазан айында дүниеден озды. Ғұмырының 45 жылын геологиялық барлау жұмыстарына арнаған Түгелбай ағамыз Қазақстанның мұнай тарихында, оның ішінде Өзен кенорны тарихында ойып тұрып орын алды. Дүниеден озғанда артында асыл жары Сәния, баласы Қанат, қызы Гүлдана, келіні Айман, немерелері Әлихан, Жәмила, Нұрила, Мәриам, Элдар, Елдана, Дінмұхаммед атты немерелері қалды. Жан жары Сәния Өтебаева Уфа қаласындағы мұнай-химия институтын түсіп, ойдағыдай тәмамдап, экономист мамандығын алып шықты. Өзен кенорнында экономист, аға экономист болып жұмыс істеді. Бүгінде марқұмның жары, ұлы мен қызы, келіні, апасы Түрмеш, қарындастары Сайлаухан, Мизамбиді, Оразбиді асыл жанды туған күнінде сағынышпен еске алады. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген, отбасында да, жұмыста да абыройлы азамат болып өмір сүрген Түгелбай Орынбаевдың жарқын бейнесі жақындарының есінде өмір-бақи қалады.

БӘРІНЕН АМАНДЫҚ АРТЫҚ...

Биыл компаниямызда «Еңбекті қорғау жылы» болып жарияланғанын бәріміз де білеміз. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменті жыл сайын іс-шара жоспарын жасақтап, өндірісте жазатайым оқиғаны болдырмауға жұмыстанады. Аталған департаменттің бірнеше негізгі міндеттері бар:

1. Күнделікті ауа-райы туралы толық ақпарат береді.
2. Жұмыскерлер жұмыстарына кіріскен кезде болуы ықтимал қауіпті жағдайлардан сақтандырады.
3. Мұнай немесе мұнай қалдықтарымен ластанған арнайы киімдердің дер кезінде химиялық тазартудан өтуін қадағалайды.
4. Еңбекті қорғау және жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша көрнекі құралдар (**стендтер т.б.**) дайындау.
5. Жұмыс орындарында жұмыскерлерді аттестациядан өткізу.
6. Аса қауіпті аймақ болып саналатын, өндірістік аймақта төтенше жағдайлардың алдын алуға, төтенше жағдай орын алған жағдайда жіті тексеріс жұмыстарын жүргізеді.
7. Сақтандыру және монтаждау белдіктерін сынақтан өткізеді.
8. «Өзенмұнайгаз» АҚ объектілеріне арнап қауіпсіздік декларациясын дайындап, сараптамадан өткізеді.
9. Өрт қауіпсіздігі жөнінде шара ұйымдастыру... болып жалғасып кете береді. Ең азы әрбір жұмыс орнында ілініп тұрған өрт сөндіргіштерді арнайы ұнтақпен толтырылуын да осы департамент мамандары қадағалайды.

Жұмыс жасауға ыңғайлы жағдай жасап, еңбектің қауіпсіз болуын қадағалау, жұмыс орындарында еңбекті қорғау ережелерінің қатаң сақталуын тексеру, бақылауда ұстау – компания бойынша тұрақты әрекеттегі комиссия күшімен атқарылады. Бұл комиссия бекітілген жоспар бойынша әрекет етеді. Тексеріс кезінде анықталған кемшіліктер белгіленген мерзім ішінде дереу жойылып отырады. Мұнай-газ өндіру басқармаларындағы тербелмелі қондырғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талапқа сай жұмыс жасауын қадағалау да біздің сала қызметкерлерінің құзырына жатады.

Бетін ары қылсын, дегенмен «жаман айтпай-жақсы жоқ» демекші, өндірістік аймақта төтенше жағдай орын ала қойған жағдайда, мұнайшыларымыздың абдырап, сасып қалмай, сақадай-сай дайын болуы үшін, жыл бойы жоспарланған оқу-жаттығулар өткізіледі.


Қазіргі заманда озық компанияларда еңбекті қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады. Қауіпсіздік мәдениеті жақсы дамыған компанияларда еңбек өнімділігі мен тиімділігі артады. Еңбек өнімділігі мен тиімділігі артады. Компанияның имиджі жақсарайды. Шығын да айтарлықтай төмендейді.

Биылғы «Еңбекті қорғау» жылында барша әріптестерімді еңбек қауіпсіздігі ережесін сақтауға шақырамын. «Бәрін айт та, бірін айт» бәрінен амандық артық. Тегінде дүниеде адамға қуаныш көп... «Сақтансаң – сақтайды»!

ЕҚЖӨҚ саласы мамандарының мақсаты – компанияда 100 процент қауіпсіздікке қол жеткізу. «Ынта болса ғаламда, қиын іс жоқ адамға!»

– деген емес пе?! Еңбек қауіпсіздігі ережесін сақтау – барша-мыздың міндетіміз екенін естен шығармайық!

**Максим
КҮШБАЕВ,
ЕҚЖӨҚ
директоры**





БҮГІНГІ ІСТІ ЕРТЕҢГЕ ҚАЛДЫРМАЙТЫН МАМАНДАР

«Өзенмұнайгаз» АҚ Скважиналарды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті Өзен кенорны бойынша скважиналарды бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және қадағалаумен айналысады. Департамент директоры Сәбит Бөкенов, бөлім бастығы Ідіріс Түрнийазов, аға инженер Рахат Есенжанов, инженерлер Мұрат Теңелбаев, Күләш Араловалар өз кәсібінің нағыз майталмандары. Департамент мамандары шапшаңдық – табыс кепілі екендігін жақсы түсінеді. Олар «бүгінгі істі ертеңге қалдырма. Сонда көп нәрсе бітіресің» – деген ұстаныммен жұмыс істейді. Мамандар жақсы өмір сүру үшін – еңбек жасап, жұмыста кездесетін қиындықтарды жеңуде табанды болу керек екендігін жақсы түсінеді.

басқармасы және «Өзенмұнайсервис» және «Кезби» жауапкершілігі шектеулі серіктестері айналысады. 2018-жылы осы аталған серіктестіктердің күшімен жоспардағы 1 020 скважинаның орнына 1 041 скважинаға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, мұнай өндіруде сүбелі үлестерін қосып келеді.

2019-жылдың I тоқсанында аталған серіктестіктердің күшімен жоспардағы 186 скважинаның орнына 229 скважина әр түрлі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қатарға қосылды.



Сәбит Бөкенов

2019-жылы Өзен кенорны бойынша 258410 метр тау жынысы бұрғыланып, 177 мұнай және су скважиналары қазылып пайдалануға берілуі және 1023 скважинаға әр түрлі дәрежеде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қатарға қосылуы тиіс.

Осы аталған жұмыстардың технологияға сай, еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, қоршаған ортаға зиянын тигізбей және өндірісте бос тұрыстарды

болдырмауды жіті қадағалап отыру – департамент инженерлерінің еншісінде. Серіктестіктердің сапалы, заманауи құрал-жабдықтар мен озық технологияларды пайдалануын бақылап отыру да департамент инженерлерінің басты міндеті болып саналады.



Компаниядағы ең маңызды департаменттің қатарына жататын Скважиналарды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті бұрғылау жұмыстарымен айналысатын «Бұрғылау» ЖШС қоян-қолтық жұмыс жасайды. Қазіргі таңда 19 бұрғылау бригадасы мұнай және су скважиналарын қазумен айналысып жатыр. 2018-жылы серіктестік күшімен 256926 метр тау жынысы бұрғыланып, 180 скважина пайдалануға берілді.

2019-жылдың I тоқсанында жоспардағы 58398 метр орнына 63685 метр тау жынысы бұрғыланып, 31 мұнай және 14 су скважиналарының құрылысы толықтай аяқталып, пайдалануға берілді. Департамент қызметкерлері бұрғылау технологиясының жобаға сай орындалып, сапалы шегендеу және игеру жұмыстарын супервайзерлермен бірге күнделікті қадағалап отырады.

Скважиналарды күрделі жөндеу жұмыстарымен өзіміздің компанияға қарасты «Бұрғылау жұмыстары»



1964 ЖЫЛ

*Наурыз айында болашақ мұнайшылар қаласы Жаңаөзеннің алғашқы қазығы қағылды.

*Сәуір айында тұңғыш рет Өзен мұнай кәсіпшілігі басқармасы құрылды.

1965 ЖЫЛ

*10-шілдеде Атырау мұнай өңдеу зауытына Өзен мұнайы алғашқы эшелонмен жөнелтілді.

*Осы жылы 334 мың тонна мұнай өндірілді.

1966 ЖЫЛ

*Өзен кенорнынан 1 миллион тонна мұнай өндірілді.

*«Джебраил» танкері үш мың тонна мұнайды Волгоград бағытына тасымалдады.

1967 ЖЫЛ

*Ұзындығы 1 500 шақырымдық Өзен-Атырау-Куйбышев ысытылған мұнай айдайтын құбыр құрылысы басталды.

1968 ЖЫЛ

*Өзен кенорны газ қабаттарының табиғи газын дайындау жөніндегі тұңғыш қондырғы іске қосылды.

1970 ЖЫЛ

*Өзен мұнай өндіру басқармасында қазақтан басқа 50-ден астам ұлыс өкілдері жұмыс істеді.

1971 ЖЫЛ


*Аэропорт құрылысы басталды.



Дінмұхамед Қонаев Өзенде, 1968 жыл



ӨЗЕН КЕНОРНЫНА 55 ЖЫЛ



1973 ЖЫЛ

*Телевизиялық хабарларды қабылдағыш ретранслятор іске қосылды.

1975 ЖЫЛ

*Өзен мұнайшылары 100 миллион мұнай өндірілді.

1976 ЖЫЛ

*600 орындық «Жалын» кинотеатры ашылды.

*Тәулігіне 15 000 тонна сүт тағамдарын шығаратын сүт зауыты іске қосылды.

1980 ЖЫЛ

*Өзен кенорнынан 150 миллион тонна мұнай өндірілді.

1981 ЖЫЛ

*«Мұнайшы» мәдениет сарайының құрылысы аяқталды.

1985 ЖЫЛ

*Өзен кенорнынан 200 миллион тонна мұнай өндірілді.

1990 ЖЫЛ

*«Жаңаөзен» газеті ашылды.

1994 ЖЫЛ

*Өзен кенорнын дамыту үшін қаражат беру туралы ҚР үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасында келісімге қол қойылды.

1996 ЖЫЛ

*«Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігі – ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.



Өзен кенорнының алғашқы игерушілерінің бірі Сәбит Әбенов 1939-жылы Атырау облысы, Махамбет ауданы, Мыңтөбе ауылсоветінде қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген болатын. Әкесі марқұм Сәбиттің мүлдем есінде жоқ. Бұл тәй-тәй басып жар жағалап, інісі тоңқандай бастағанда ел азаматтарымен бірге әкесі қан майданға аттанып кете барады. Ол бір ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен зұлмат кез-туғын. Анасының әкесін күте-күте көзі талды. Соғыстан соң да, елегізіп есікке қарап отырушы еді. Шешесі қанша зарығып күткенмен әке оралмады, сол кеткеннен мол кетті. Ақкенже шешей екі баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірді. Өзі фермада сауыншы болып жұмыс істеді. Таңның атысы мен күннің батысы үй көрмей, жоқтықтың тақсыретін тартып жүрген анасына қатты жаны ашыған Сәбит 9-кластан соң, мектепті тастап, ферма жұмысына орналасып, анасының жанына жалау болды. Мектеп ауылдан 9 шақырым жерде орналасқан

соң, 1962-жылы Донецк қаласындағы «Петров машина жасау зауытында» қалыпшы болып орналасып, онда табан аудармастан 8 жыл жұмыс жасады. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» демекші, 1963-жылы Сәбит отау көтереді. 70-жылдары жас отбасы «ұйқыдан оянған ару» Маңғыстауға тартып кетеді. Өзен кенорнын игерудегі еңбек жолын ол 45 топтық қондырғыда қарапайым оператор болып бастады.

«Ол кезде әрбір адам ниетіне, ақыл-парасатына, пайдалылығына, өнегелі ісіне қарай бағаланатын еді» – деп еске алады алыста қалған жылдарын Сәбит ақсақал.



демалыс күндері де жұмыс орнынан табылатын. Ол кезде мұнай құбырлары ескі, әлсін-әлсін жарылып, май далаға ағып жатады. Ал Сәбит Әбенов барған топтық қондырғы міндетті түрде жоспарды орындап шығатын еді. Оның жұмысқа деген өлермендігі басшылық тарапынан ескерілмей қалған жоқ. 1981-жылы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, мұнайшылар күні мерекесі қарсаңында Мәскеуге шақырылып, кез келгеннің тақымына бітпеген оттай қызыл москвичті мініп қайтты.

«Пендешілікті қойсайшы, әлгі көлікті сатып, үйге жиһаз алдық. Қалған ақшасына бір ұлымды үйлендіріп, бір қызымды ұзаттым. Әлгі Москвичтің пұлы жер дүнианы былғады. Соған қарағанда ол кездегі рубль құнды болған сияқты» – дейді ақсақал ағынан жарылып.

Еңбекті өмірінің мәні деп ұққан еңбекқор жан «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1994-жылдан бері зейнеткерлікте жатқан ақсақал «Құдай ісіне тосқауыл жоқ қой. Бірнеше жыл бұрын 50 жылдан астам ғұмырының қызығы мен қиыншылығын жетектесіп бірге өткізген қосағымнан айырылып, жетімсіреп қалып отырған жайым бар. Адамға қартайғанда жақсы сөз айтып жаныңды жадыратып, шүйіркелесіп отыратын қара керек екен» – деп сырын да шертіп өтті.

Ол мағыналы өткен өз өміріне риза, ақша немесе атаққа бола жұмыс жасаған жоқ. Ол еңбектен ғана ләззат, қанағат алатын адамдар қатарына жататын. Бүгінде ұлықты ұлдары мен қылықты қыздарынан немере, шөбере, жиен, жиеншар сүйіп сексеннің сеңгіріне шыққан Сәбит ақсақал Аллатағалаға мың да бір шүкіршілік айтады.

Бұл дүниеде еншісіне тиген несібесін місе тұтқан ардагер-мұнайшы келешекте пайдасы тиетін игі еңбекке үлес қосқанын мақтаныш етеді.

ЕЛІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕҢБЕКҚОР ЖАН

болатын. Ол кезде қазіргідей шұбырып жатқан көлік атымен жоқ. Қысы-жазы қомшасын арқалап, жұпыны киінген бала мектепке қарай жаяу кетіп бара жатар еді... Обалы қанеки, директор шақырып алып, қазіргі заманда білімсіз күнің қараң болады ғой, деп шырылдап, жанашырлық танытты. Жасөспірім Сәбит айтқанынан қайтпады.

«Екі қолым аман болса, аш қалмаспын» – деп мектепке бармай қояды. Ферма деген жұмысы өлсең таусылмайтын, қазандай бүрк-сарқ қайнап жататын жер екен. Сәбит пішен шабады, шапқан пішенін түйеге артады. Құдық қазады. Өз алдына 60 баспақ алып, бақташы болады. Алғашқы 40 сом жалақы қолына тигенде жүрегі жарылып қуанғаны әлі есінде.

Шытырлаған су жаңа ақшаны төкпей-шашпай анасының алақанына салғанда, қайран жан қуаныштан жылап еді-ау!

Ресейдің Саратов қаласында әскерге кеткен ол құрылыс батальонында аттай 3 жыл қызмет етті. Әскердегі

қиындық Сәбиттің жігерін сындыра алмады. Қайта жас жігіт қиындықтарға мойымай, шыңдалып шықты. Әскерден



«Жұмысты аса жауапкершілікпен атқарғаным үшін басшылық мені 45-топтық қондырғыға шебер етіп тағайындады. Мен қарамағымдағы адамдардан жұмысты қатаң талап ететін едім. Қатаң тәртіпке шыдай алмаған көптеген қызметкерлер менің үстімнен шағым айтып, басқа топтық қондырғыларға ауыстыруын сұрап өтініш жазған жайттар да кездесті. Мен әріптестеріме жұмыс уақытында шай ішуге тыйым салған болатынмын» – деп күлімсірейді ардагер-мұнайшы.

Цех басшылығы қай жерде жұмыс ақсап жатса, міндетті түрде сол жерге іскер Сәбитті жіберетін еді. Олар Сәбит барған бойдан білекті сыбанып жіберіп, жұмысты өгіздей өрге сүйрейтініне көміл сенетін.

Өз орнын білетін, өз кәсібінің шебері, өзгенің дүниесіне тұмсығын сұқпайтын Сәбит ұжым арасында өте сыйлы болды. Жұмысқа берілгендігі сонша, ол тіпті өзіне тиісті

жыл бұрын 50 жылдан астам ғұмырының қызығы мен қиыншылығын жетектесіп бірге өткізген қосағымнан айырылып, жетімсіреп қалып отырған жайым бар. Адамға қартайғанда жақсы сөз айтып жаныңды жадыратып, шүйіркелесіп отыратын қара керек екен» – деп сырын да шертіп өтті.

Ол мағыналы өткен өз өміріне риза, ақша немесе атаққа бола жұмыс жасаған жоқ. Ол еңбектен ғана ләззат, қанағат алатын адамдар қатарына жататын. Бүгінде ұлықты ұлдары мен қылықты қыздарынан немере, шөбере, жиен, жиеншар сүйіп сексеннің сеңгіріне шыққан Сәбит ақсақал Аллатағалаға мың да бір шүкіршілік айтады.

Бұл дүниеде еншісіне тиген несібесін місе тұтқан ардагер-мұнайшы келешекте пайдасы тиетін игі еңбекке үлес қосқанын мақтаныш етеді.



МҰНАЙШЫЛАР МАРАФОНҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен Өзен кенорнының 55 жылдығына орай, «Жақсылық жаса!», «Бизнес 3 күнде!» атты қалалық марафон болып өтті. Шараға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, бокстан аға жаттықтырушы Жеңіс Жарылғапов, «Бизнес 3 күнде!» жобасының жетекшісі Айжани Нұрланова қатысып, сөз сөйледі. Олар қатысушыларға сәттілік тілеп, көпшілікті бірлікке, мейірімділікке, жақсылық жасауға шақырды.

Жарысқа қатысушы ер адамдарды жас ерекшелігіне байланысты 3 категорияға бөлді. Қыз-келіншектерді бірге жіберді. 500-ден астам жүйрік қатысқан бұл сайыста мұнайшылардың, қала тұрғындарының спортқа деген ықыласының зор екені байқалды.

Марафонға компанияға қарасты 16 басқарма директорлары мен 20 желаяқтан қатысты. «ӨМС», «Бұрғылау», «ҚазГӨЗ», «ҚҚС», «МФС», «СӨТБ», «KMG EP-Catering» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлері қатысты. «Өзенмұнайгаз» АҚ ап-



парат басқармасынан Экономика және жоспарлау жөніндегі басқарушы директор Қуаныш Бекмағанбетов, Әлеуметтік әкімшілік департаменті директоры Тарас Алеуединов, Қауіпсіздік қызметі маманы Бибі Бегалиева баласымен бірігіп жүгіріп шықты. Баға жетпес денсаулығын қадірлейтінін әріптестеріміз, 7 шақырым қашықтыққа жүгіріп, өздерінің мықтылығын дәлелдеді. «Күнделікті жаттығып жүрмеген соң жүгіруге жүрексінгенім рас. Дегенмен намысқа тырысып, жүгіріп шықтым. Жүгіру – адамға жайлылық, сергектік, қуаныш сыйлайды екен» – дейді ұзақ қашықтыққа төзімділік танытқан әріптесіміз Бибі Бегалиева.

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» – демекші, марафонда ерлер арасындағы 18-35 жас аралығынан 1-орынды Серік Бисенбаев, 2-орынды Есенмұрат Талғат, 3-орынды Жеңісбай Санжар алды. 36-49 жас аралығынан 1-орынды Ербол Аймашов, 2-орынды Жамбыл Атаниязов, 3-орынды Алексей Федоров иеленді. 50 жастан жоғары 1-орын Бақтыбай Қойлановтың, 2-орын Жоламан Тәуеновтың, 3-орын Есен Тайжановтың қанжығасына байланды. Аруларымыз арасынан 1-орынды Әйкерім Құлатаева, 2-орынды Ақтоты Мәлік, 3-орынды Айгүл Төлепберген жеңіп алды. Шара соңы қала өнерпаздарының концертіне ұласты.



Балиба Күзембаева
Жұмағұлқызы 1976-
жылы №3 Скважиналарға
қызмет көрсету
басқармасына жұмысқа
орналасып, осы
басқармада табан
аудармастан 40 жыл
жемісті еңбек етіп, 2017-
жылы құрмет демалысына
шықты.



БАЛИБАНЫҢ БАҚЫТ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАЙ БЕРСІН

40 жыл ішінде Балиба ӨТБ
технигі, мамандар бөлімінің жетекші
инженері, персоналды басқару
қызметінің жетекшісі лауазымында
абыройлы еңбек етіп, ұжым құр-
метіне бөленді. Оның өмір жолы
«еңбек етсең-еленерсің, еңбегіңе
кенелерсің, есің жиып, етек жауып,
елге жетіп теңелерсің» – деген
даналықпен өрілді. Жұмысына
тастай, өзіне тапсырылған тапсы-

аса жауапкершілікпен қарайтын
Балиба сияқты жұмысына жетік
маманға қарап жас мамандар ойы
мен бойын түзеді. Ақылшы апа
еңбекте тәлімгер маман болды» –
дейді.

Аяулы жан Өзен кенорнының
қиын күндерін де, жақсы күндерін
де көрді. «Еңбек ширатады,
өмір үйретеді» – деген ырас
екен. Балиба компанияның өсіп-
өркендеуі, гүлденуі жолында тер
теге жүріп, асыл жар, ардақты
ана бола білді. Энергиясы
көп, ниеті таза, ақ көңіл

Балиба үйдегі мен
түздегі шаруаны
қатар үйлестірді
білді. Жұмыста
да, үйде де
айналасына
сәуле ша-
шып жүретін
Балибаны
көрмесе
сағынатын
жандар өте
көп еді... Ота-
ғасымен бірге
ұлықты ұл, қылық-
ты қыз тәрбиеледі.
Бүгінде ұлдарын
ұяға, қыздарын қияға
қондырып, немере, жиен,
шөбере сүйіп отырған бақытты әже
жапырағы жайылып, еңбегінің рақа-
тын көріп отыр.

рманы тап-тұйнақтай етіп орын-
дайтын, білімді де білгір маманды
басқарма басшылығы қатты қа-
дірлеп, бірнеше марапатқа ұсынды.

Б а л и б а Ж ұ м а ғ ұ л қ ы з ы
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, қала әкім-
інің Алғыс хатымен, Маңғыстау мұ-
найының 50 жылдық мерекесіне
орай, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мен
«ҚР мұнай-газ кешені жұмыскерлер
күні» мерекесіне орай Құрмет гра-
моталарымен, «Маңғыстау мұ-
найына 50 жыл» төс белгісімен ма-
рапатталды.

Өріптестері Балиба туралы «ең-
бек тәртібін бұзғанын, біреумен
дауыс көтеріп ренжіскенін көрмедік.
Байсалды, байыпты жан. Жұмысына

Өмірдің өзегі, сәні мен сал-
танаты, тіршіліктің күретаымы,
отағасының ақылшысы, балала-
рының тәрбиешісі Балиба Құдай
берген сабырымен, табиғи сұлу-
лығын сақтап асқаралы 60 жасқа
толып отыр. Ортасына сыйлы Бали-
баны «Өзенмұнайгаз» акционерлік
қоғамы еңбек ұжымы туған күнімен
шын жүректен құттықтайды.

Қасиетті даламыздың бір
пұшағында, туған жердің төсінде
ел қатарлы өмір сүріп жатқан қа-
рапайым да сабырлы, сырбаз
мінезді Балибаның отының басы
аман болып, бақыт жұлдызы
жарқырай берсін!



КАЙДЗЕН – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Әлем нарығында қандай
компания болмасын
бәсекелестікке қабілетті
болуға, өздерінің тауарларын
сапалы шығаруға, оларды
өтімді етуге тырысады. Біз
мұнайды «қара алтынға»
балаймыз. Ол әлемде құнды
тауар болып келді, әлі де
бола бермек. Мұнайдан
түсетін пайда шаш-
етектен. Сол зор
пайданың арқасында
өзіміздің компанияның
өндіріс процестерінің
жетілуді қажет ететін
тұстары бар екенін
білсек те мән берілмей
келді. Біз сөз еткелі
отырған жапондық
кайдзен жобасы –
әлем мойындаған
жоба. Кайдзен –
өндіріс процестерінің
үзіліссіз жетіле
түсуіне бағышталған
жапондық философия
немесе тәжірибе.
Кайдзеннің мақсаты-
ысырапсыз өндіріс. Кез
келген өзгерістерге адам
үрке қарайды. Бұл – заңды
құбылыс. Кайдзен адамға
шығармашылық жолмен
жұмыс жасауға мүмкіндік
тудырады. Алғашқы қадам
кайдзен жәшіктерге ұсыныс
салудан бастау алды.

– Пилоттық кайдзен жобасын
тәжірибе ретінде №2 МГӨБ, №12
МГӨЦ, №9 топтық қондырғыға өндіріп
жатырмыз. Бұл басқармада 20 топтық
қондырғы бар. Қалған 19 топтық
қондырғылардың слесаркаларына
да дакайдзен жобасы бойынша
жөндеу, жаңарту, құрал-саймандарды
реттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.
Операторларға арнап жаңа жұмыс
дорбасын тіктіру үшін «Жанарыс» тігін
фабрикасына тапсырыс берілді. Жаңа



дейін

үлгіде тігілетін дорбада құрал-саймандар (**кілттер, қашалар, балғалар, монтировкалар**), су құтысын және құжаттар салып жүретін арнайы қалташалары бар. Пилоттық «Ысырапсыз өндіріс» жобасы бойынша алдағы уақытта та операторлар жұмыстарын одан әрі жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізіле беретін болады – дейді №2 МГӨБ сапа жөніндегі инженері Жұлдыз Мұхамбетқалиқызы.

– Бізге қарасты №9 топтық қондырғыға пилоттық кайдзен жобасы енгізіліп жатыр. «Ысырапсыз өндіріс» пен кайдзен жобалары өндірісті тиімді жүргізуге, уақытты үнемдеуге, өндіріс процестерін оңтайландыруға арналған көңілге қонымды жоба. Бұл тек бастамасы ғана! Үздіксіз өндіріс процестерін жаңарту, жетілдіре түсу жұмыстары алдағы уақытта жалғаса бермек. «МНФУ-2000 торап» жобасын да іске қосуға дайындалып жатырмыз. Алдағы уақытта ПН-27 мұнай қыздыру пешін қою жоспарымызда бар – дейді №2 МГӨБ №12 Мұнай-газ өндіру цехының

бастығы Бауыржан Күзембаев. Аталған топтық қондырғы аға шебері Ырзахмет Аязов пен оператор Әли Комаров жаңалыққа ризашылықтарын білдірді.

– Кайдзен жобасы 5 кезеңнен тұрады. Іріктеу, тәртіпке келтіру, тазалық сақтау, стандарттау, үзіліссіз жетілдіре беру. Қажет емес заттардың көзін жою. Керек заттарды қалдырып, тиісті орындарына салып қою. Дәл қазір қолданылмайтын заттарды карантиндік аумаққа салып қойдық. Егер 6 айға дейін әлгі заттар қолданылмайтын болса, олар да қажетсіз заттардың



тізіміне енеді. Бұрын барлық құрал-саймандар ботқа болып араласып жатса, бүгінде бәрі рет-ретімен, орын орындарында тұр. Қарасаң көз қуанады. Әр заттың өз орнында тұруы – өте маңызды. Бұл – уақыт үнемдейді. Топтық қондырғыға компьютерді орнатып, оператор жұмысын жеңілдеттік. Енді оператор бостан босқа шаршап скважиналарды аралап жүрмейтін болады. Ол әрбір скважина туралы ақпаратты компьютерден көріп отырады – дейді №1 МГӨБ сапа инженері Әлібек Сәрсенов.

№27 – топтық қондырғының шебері Нұрлан Олжаев, операторлары Болатбек Иқсатов, Сапарғали Сисенбай, Эльмира Батқанбаевалар жобаны қолдайтындарын айтты.

– Канбан – кайдзен жобасының ішіндегі жүйенің бір түрі. Цех бастығы, технолог, шебер таңертең келіп әр жұмысшының тапсырмасын қағазға жазып, тақтайшаға іледі. Әрбір оператор өз тапсырмасын алып кетеді. Түске дейін бір операторға екі тапсырма беріледі. Қағазға тапсырма атауы мен берілген уақыты жазылады. Түстен кейін тапсырмалардың орындалысы сұралады. Орындалмаса, себептері



кейін

анықталады. Бұл жобаның артықшылығы – әрбір оператордың бір жылда нақты қандай жұмыс атқарғаны туралы толық ақпарат береді – дейді олар.

– Жобаның мақсаты – өндірісте жұмыс істеп жатқан оператор жұмысын жеңілдету, тиімді әрі қауіпсіз ету. Қарапайым мұнайшы өз жұмысында кездесетін проблеманы шешу үшін ұсыныс беріп үйрену керек. Бұл басшылар мен жұмыскерлер арасындағы ішкі коммуникацияны қалыптастырады. Мұнайшы өндірістегі жұмыс барысының өзгергенін сезсе, мотивация пайда болады – дейді «ҚазМұнайГаз» барлау, өндіру технология институтының технологиялық процестерді мөлшерлеуді ұйымдастыру департаменті бас сарапшысы Сергей Осминин.

ТҮЙІН: «Ысырапсыз өндіріс», кайдзен, канбан жобалары Өзен кенорны үшін ауадай қажет жобалар. Бұл – уақыт талабы.



Анау-мынау емес, орда бұзар 30 деген жасқа шыққан Алтыншаш бүгін кафеге мектепте жүргенде қыр соңынан қалмай жүрген Аманмен кездесуге келіп отыр. Келгісі-ақ келмеп еді... Жеңгелері қоймады... Анау деді, мынау деді... Әйтеуір не керек, жабылып жүріп көндірді. Ақылды сұлу қыз соңғы кезде жастық шақ деген сиқырдың уысынан шығып бара жатқанын сезеді. Жұмысына өте тиянақты Алтыншаш өткен жылы мыңдаған оқушысы бар облыс орталығындағы үлкен мектепке директор болып, айды аспанға бір-ақ шығарды.

Қашан көрсе де мұрнынан шаншылып жүрген ол соңғы кезде өмірінің қызықсыз

«Бөстекі әңгіме, еріккеннің ермегі болып қалмасын. Амандай жігітті 10 жыл жіпсіз байлап қойғаның нағыз ақымақтық. Бір отаудың отын жағатын жастан әлдеқашан өттің!» – деп әдемі көздерімен жаудырай қараған жеңешесінің сөзін жерге тастағысы келмеді. Бір жағынан бой десе бойы бар, ой десе ойы бар, жоғарғы оқу орнын бітірмесе де, әжептәуір кәсібі бар Аманның үйленбей өзін күтіп жүргеніне іштей мақтанышы да жоқ емес.

17 жасында үйіне келін болып түскен жеңешесін Алтыншаш жанындай жақсы көреді. Екеуі сырлас құрбылардай болып кетті. Әкесі де, шешесі де көргенді жерден келін алғандарына дән риза. Балдай тәтті немерелерінің қызығына тоймай жүрген

сөзін тезірек айтса екен» – деп ойлады. Неге екені белгісіз, ол Аманның қасында өзін қауіпсіз, жайлы сезінді. Жігіттің қыр мұрны да, кіршіксіз таза ақ көйлегі де ұнап қалды. Өзге жігіттердей бәдіктеніп сөйлей бермей, әдеп сақтағаны жанына майдай жағып отыр. Жік-жақпар болып, қызмет еткені де өзіне жарасып тұр. Шай ішіп отырып, көзін көтерген, көзі көгеріп, түрі бозарып отырған 30-дағы еркекті көріп, таңырқай қарады. Екеуінің кездесуі психологиялық арбасуға ұласып кеткендей...

Алтыншаш күні кеше Аманды көдеден көп ағайын жиналып, ортаға алып, «Аман-жанның қызының басы алтын, бір жері күміс болса да, күтудей-ақ күттің, шалқаймасын... Отырсың солай, үйіне қазық болса... Сен

КАФЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

(әңгіме)



екенін іштей мойындай бастады. Үй жұмыс, жұмыс үй... Қатарларының бәрі үй болып, күй болып дегендей... тіпті балаларының алды нөлебайға бара бастады. Жыл мезгілдері сусыған құмдай ауысып жатты... Өзінің сүйетін ісі болса да, жалғыз қалғанда жабырқайтынды шығарып жүр. Ондайда «жазмыштан озмыш жоқ» деп қояды өзін-өзі іштей жұбатып... Алматыда өткен ертегіге бергісіз студенттік шырын күндер артта қалды. Балпиған сүйкімді балалары бар жеңгесі бүгінгі кездесуді ұйымдастырып, өлердегі сөзін айтып жіберген болатын.

әке-шешесін көргенде іштей Алла тағалаға мың да бір шүкіршілік айтады.

Өткенде психолог құрбысы үйіне қонаққа шақырып, біраз ақыл айтып жіберген болатын. «Таныстық – жылы жымыстан, сәлемнен басталады» – деген болатын ол. «Ақылың осынша көп болса, өзің байға тиіп алмай нағып жүрсің?» – деген мысқылмен... Әрине ішінен айтты...

Бүгін кездесуге келген Аманға жымымақшы болған әрекетінен түк шықпағанын ойлап, ішінен мырс етіп күліп қойды. Жігіттің әңгіме бастамақшы болған әрекетінен де түк шығар емес. «Сағыздай созбай айтар

алам десең, көз келген қыз келеді» – деп ұрысқанынан бейхабар болатын. Жігіт үндемей құтылған болатын...

Екеуі кафеде отырғанда адамды ығыр қылатын, мазанды алып, жүйкенді жұқартатын ақ жауын басталды. Соңы соқыр тұманға ұласты. Жұқа көйлекпен келген қыз тоңазыын деді. Стакандағы ыстық шайдан ұрттап қойды... Мектепте жүргенде өзіне ұрлана қарайтын көзінен от шығып тұратын, тентек қара бала есіне түсті...

Аман үйдің кенжесі болғандықтан өте тентек болып өсті. Өзіне қарсы келген баланы көкала қойдай етіп сабап, қамыт кигізіп, қоңыз тергізіп жіберетін. Енді келіп кішкентай кезінен өлердей ғашық болып, әлі күнге дейін күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай жүрген Алтыншашқа келгенде ләм деп тіл қатуға жарамай отырған өзіне жыны келді...

Алтыншаш өткенде әке-шешесімен көрші ауылда тұратын, өзін іш тартатын нағашы апасының келін алу тойына барған болатын. Тойды жақсы өткізіп, өздері болып шай ішіп отырғанда нағашы апасы сөз бастады. Осы Аманды «бөкүн-шүкін шаруасын күйтеп жүрген тәп-тәуір жігіт» – деп әрі-бері мақтап еді... Нағашы апасына тіс жармағанымен ішінен «Әркімнің өз уайымы бар. Бұның байға кетпегені елдің әңгімесіне өзек, тілдеріне тиек болды-ау» – деп ренжіп қалды. Бәрінен де сораптап шай ішіп отырған жер бетіндегі ең сүйікті жаны әкесінің үнсіз қалуы – жанына батты. Қайта айта түссе екен дегендей нағашы апасына жылы қарап қойды... Бүгінгі кездесуге келуі – бір жағынан әкесіне көрсеткен қыры еді.

Аман біресе ауа райын айтты, біресе футболды айтты, енді бірде 3-класта бұрымынан тартып жылатып қойғанын әңгімеледі. Сол сол-ақ екен әңгіменің қабы сөгіліп кете барды. Екеуі «шөпті де, шөңгені де» әңгіме етіп, күлісе бастады. Бұрын қалай байқамаған Аман керемет сөзшең болып шықты. Қызық әңгімелер айтып, қызды күлдіріп отырды. Батылданып вальске шақырды. Денесі тоңазыын деген Алтыншашқа жігіттің жылы құшағы кішкентай кезіндегі ана құшағын еске түсірді. «Жылылықтың қадірі тоңғанда ғана білінеді екен-ау!» – деп ойлады Алтыншаш. Сазды музыканың сиқырына елтіп жүрген екеуі тура бір айдан соң екеуінің дүрілдеген үйлену тойы өтетінін бұл кезде білген жоқ. Ал тоғыз айдан соң бақытты шаңыраққа іңгөлаған егіз нәрестенің келетіні олардың үш ұйықтаса да түсіне кірмес еді...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ



Жер мен Көктем

*Жер менен Көктем - ғашықтар,
Көруге бірін асыққан.
Сағынып жетер көктемін,
Сөзер-ау жүрек қашықтан.*

*Лайнала мұз боп қатса да,
Оранып ақ қар жатса да,
Төзімге берік жер ғана,
Жылуын таппас басқадаң.*

*Алмасар көктем қыспенен,
Әнімен әсем құс жетер.
Нұрымен күннің жылытып,
Төң болған жерді жібітер.*

*Күн менен түн де теңесер,
Самалы жылы желесер.
Тіршілік иесі жанданып,
Мамыражай әсем күн кешер.*



Өмір заңы


*Өтіп жатыр айдың әрбір аптасы,
Ол да емес-ау, жаныма менің батқаны.
Тек сәл ғана, тек сәл ғана мұңайтар,
Жылдарымның артта қалып жатқаны.*

*Күндер сырғып, жылдар өтіп барады,
Немерем де сәби емес, баяғы.
Кенже қызым, келеді әне, бөйжетіп,
Білем бір күн, ұясынан ұшарын.*

*Өмір заңы күзде гүлдің солары,
Күн мен түннің ауысып та тұрары.
Білем бәрін, көктем келсе жаңарып,
Солған гүлден бүршік атып шығарын.*

*Қалың мұз да бұға айналып жоғалар,
Кем-кетігің сәтін салса, оңалар.
Бағалайық, бүгінгі күн барыңды,
Өткен күннің белгісін кім таба алар!*

Рамила АМАНЖОЛОВА,
мұнайшы





Технологиялық транспорт басқармасы еңбек ұжымы бұрынғы әріптесіміз Әлібек Әзбергеновті 63 жасқа толған туған күнімен және құрмет демалысына шығуымен шын жүректен құттықтайды. Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды Өзен кенорнының түлеп, дамуына зор үлес қосқан азаматтың бірісіз.

Сіз жалындап тұрған жас кезіңізде алғаш темір тұлпар тізгініне 1973-жылы отырдыңыз. Ол жылдары шопыр деген мамандықтың басына шырақ жанып тұрған кез болатын. Еңбек жолыңызда математикаға жүйріктігіңіздің арқасында есепші болып та жемісті еңбек еттіңіз. Транспорт саласында жүріп Таушық – Қаламқас, Жаңаөзен – Кендірлі тас жолдарын салуға үлес қостыңыз. Өңірдегі ауыл шаруашылығы саласына жәрдемдесіп, мал ауылдарының көші-қон, шөп тасу сияқты жұмыстарына да

білек сыбана кірістіңіз. 13 жыл қатарынан еліміздің егінді алқаптарындағы бидай жинау науқанына қатысып, жүргізуші-жетекші маман болып, абыройлы еңбек еттіңіз. 1986-жылы өндірістен қол үзбей Жаңаөзен мұнай техникумын бітіріп №5 автобазада автотізбек бастығынан бастап бастықтың транспорт жөніндегі орынбасары қызметіне дейінгі лауазымда қызмет атқардыңыз. ТТБ автотізбек механигі, автотізбек бастығы, бақылаушы механик қызметін абыройлы атқара жүріп, ұжымның ақылшы тірегі мен арқа сүйеріне айналдыңыз.

Бүгінде бір әулеттің ақсақалы, құрметті жар, аяулы әке, немерелерге ата болып отырсыз. Отбасыңызбен бірге өмірдің шапағаты мен шуағына бөленіп, балалардың, немере-шөбелердің жақсылықтарына кенеле беріңіз!

Ігі тілекпен: ТТБ еңбек ұжымы атынан басқарма қызметкері Жұбандық АЙДАРБАЕВ

60

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Энергетика саласында ұзақ жылдар талмай еңбек етіп келе жатқан Орынбай Мадрейимов 1959-жылы наурыз айының 23-жұлдызында Түркімен ССР-і Калинин ауданында дүниеге келген. Орта мектепті 1976-жылы үздік бітіріп, 1977-79 жылдар арасында Польшада өзінің әскери борышын өтеді. Білімге деген құштарлық бозбаланы Алматыға алып келді. Орынбай 1979 жылы Алматы энергетика және байланыс институтына түсіп, оны 1985-жылы бітіріп шықты. Еңбек жолын 1985-жылдың тамыз айында Өзен аудандық электр тораптары мекемесіне инженер болып бастайды. Еңбекқорлығы мен тиянақтылығының арқасында 1992-жылдың ақпан айынан бастап осы мекеменің бас инженерлігіне тағайындалды. 1992-1994 жылдары Өзен аудандық электр тораптары мекемесінің бастығы қызметін атқарды. Орынбай жемісті еңбек ете жүріп, спортпен де айналысқанды ұнатады. Ол футбол, волейбол, баскетбол десе ішер асын жерге қояды. Бүгінде Жаңаөзен қалалық ардагерлер футбол командасының мүшесі болып жүрген Орынбай ӨЭМБ бас техникалық жетекшісі қызметін абыроймен атқарып жүр. Ол жақсы жұмыскер, адал жар, үлгілі әке. Қызғалдақтай құлпырған Айман, Қаламқас, Ботакөз, Дамира атты қыздары жоғары оқу орындарын бітіріп, өмірден өз орындарын тауып, әке қуанышына айналды. Біз қадірлі де құрметті әріптесіміз Орынбай Мадрейимовты асқаралы 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Алпыс деген – ағаның жасы. Артыңа бұрылып қарап, не тындырдым деп өзіңнен өзің есеп алатын жас. Деніне саулық, отбасына амандық, жұмысына табыс тілейміз. Аман жүріңіз. Арайлап атқан әрбір таң Сізге бақыт пен қуаныш әкелсін!

Нұрлан БЕКЖАНОВ,
ӨЭМБ Еңбекті қорғау
және қауіпсіздік
техникасының инженері

«ОЙ-ДОДА»

ТАНЫМДЫҚ ОЙНЫНЫҢ ЖАҢА МАУСЫМАШАРЫ БАСТАЛДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастырумен Оқушылар шығармашылық үйінде басқармалар арасында өткен «Брейн-ринг» танымдық ойының маусымашары басталды.



Ой-додаға 7 команда қатысып, логикалық сұрақтарға жауап берді. Ойынға алғашқы рет қатысқан Аппарат басқармасы командасы ойыншысы Динара Лесбаева «Өзгелермен тереңіміз тең болуы үшін білімге аса көңіл

бөлуіміз керек. Біз көбінесе жұмыста жүреміз, үйде бала, тамақ деп өзімізді жетілдіруге көп мән бере бермейміз. Ойын біздің миымызды дамытып, қорек береді. Білімімізді жетілдіруге, өзара ынтымақ-достығымызды нығайтуға таптырмас мүмкіндік» – дейді.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, бас жүлде №1 МГӨБ, I орын АБ, II орын №3 МГӨБ, III орын №5 СҚКБ командасына бұйырды. Қазыбек Қойшығұлов (№1 МГӨБ), Абдрахман Нұрымов (АБ), Сәнім Мұратова (№3 МГӨБ), Болысбек Телеғұсовтар (№5 СҚКБ) үздік ойыншы атанды.

«Адами капиталдың өзегі – кітап» – екендігін жақсы түсінетін жас мамандар кеңесі жеңімпаздарға диплом, кубокпен бірге Бақытжан Бұқарбайдың «Күнкөрістен кетіп, байлыққа жет» – деген кітабын тапсырды.



ҚОҚЫСТАН ҚҰТЫЛЫҢЫЗ...

Сіз бен Біз өмірге дүние жинау үшін келген сияқтымыз. Жанталасып дүние жинап жүрміз. Дүние керек. Біз шектен шығып кеттік. Алтын аралықты ұмытып кеттік. Біз бұл өмірге құр қол келеміз. Кетерде де өмір бойы жиғанымызды тастап кетеміз. Сол байлығымыздың барлығын жол соңында тастап кететінімізді біле тұра, көрсеқызарлықпен жинай бергенімізден не пайда? Ойланып қараңызшы, ауыр жүк арқалағаннан гөрі жеңіл өмір сүрген жақсы емес пе?!

«Бұл дүниенің тіршілігі ермек қана» – деп бабалар ескертіп тұрған жоқ па?! Сахабалар жалғанның барша жылтырақ алтынына көздерін тас жұмыпты. Сахаба болу қолдан келмесі анық, әйтсе де артық қоқыстан арылып, қажеті жоқ қоқыс жинаудан бас тарту ақылды адамның қолынан келетін іс деп білемін.

Жақында бір тәмсіл оқыдым. Небір ығай-сығайлардың көзіне сұлу бойжеткен болып көрінген қу дүние. «Мен қу дүниемін ғой. Мені адамдардың бәрі иеленгісі келеді. Бірақ, мені ешкім қуып жеткен емес. Сонда да адамдар қайта шыға алмайтын тар, терең шұңқырға құлағанша артымынан жүгіруін қоймайды» – дейді. Ой тастап тұр...

Түрік сатиригі Өзиз Несиннің бір кейіпкерінің «басымды бас емес, азық-түлік пен дүние-мүлік дүкені дерсің...» – деген сөзін оқып, ішек-сілегім қатып күліп алдым. Материалдық дүниеден азат, ақ ниетті адам боп өмір сүргенге не жетсін, қолдан келсе...

Сонымен, жұмыс үстелімізден бастайық... кабинетке кірісейік! Ескі-құсқыны, қажетсіз, жарамсыз қоқысты



лақтыруға аямаңыз. Тез арада құтылыңыз! «Қоқысты қолыңызға ұстап алып, базарда тұрғандай айналдыра қарап, «ай, осы 2000 бірдеңесінші жылы қажет болып қалуы мүмкін ғой» – деп ойланып тұрмаңыз. Жауап біреу, қолыңыздағы нәрсе ешқашан қажет болып қалмайды. Балқоныңыздың немесе шакафыңыздың бір бұрышында шаң-шаң болып, жағымсыз энергия шығарып жата береді. Қоқысты тастауды ұмытпаңыздар! Шелектен, жан-дүниеңізден, компьютеріңізден, өміріңізден!

Сарша СҮГІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» ақ қызметкері

ОЗЕН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445
Журналист: **Тоқтарбай Балтаев**
Пошталық мекенжай: tokmed2019@mail.ru

«Атис» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады